

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

## Тақырыбы:

Дәлелді Медицина мамандарының қоғамы туралы түсінік . ТМД және біздің елдегі дәлелді медицина орталықтары.

Орындаған: Ағабекова Аяулым.

Қабылдаған: Жұмағазиева А.Ж

Курс: 3

Топ: 13-001-01қ

Алматы - 2016ж

# Жоспар:

## I Кіріспе

- Далелді медицина дегеніміз не?

## II Негізгі бөлім:

- Дәлелді медицинаның қағидалары
- Дәлелді медицинаның алғы шарттары
- Дәлелді медицинаның қолданудағы медицина саласындағы жетістіктері
- Дәлелді медицинаның қағидаларын меңгерген жалпы практикалық дәрігердің дағдылары
- Дәлелді медицинаның дәрігермен байланысты мүмкіншіліктерін анықтайтын негізгі бағыттары

## III Қорытынды

## IV Пайдаланылған әдебиеттер

- Дәлелді медицина-дәрігерлік тәжірбиенің жаңа әдістемесі. ДМ –бұл жаңа ілім емес. Ол Францияда 150 жыл бұрын пайда болған. Қазіргі таңда дәрігерлер дәлелді медицинаны қолдана отырып, науқастарға сапалы, қатерсіз, тиімді медициналық көмек көрсетеді. Әр дәрігер дәлелді медицинаны күнделікті тәжірибесінде қолданады. Ол дегеніміз:
- 1. Дәлелденген шараларды күнделікті
- тәжірибесінде қолдануы.
- 2. Ең тиімді мәліметтерді қолдануы.
- 3. Қатері басым іс-әрекеттерді анықтауы.
- 4. Жұмысты қатып қалған әдіспен, өзінің
- түсінуімен жасаудан арылады.

- Фармакотерапияда нақты мәліметтерді қолдануға мүмкіндік береді.
- Нақты шешім қабылдауда жәрдем береді.
- Әр нақты клиникалық жағдайда тиімді, қатерсіз және үнемді, қазіргі уақытқа сай, мемлекеттік, аймақтық популяциялық, субпопуляциялық және терапиялық әдістерді өңдеуге мүмкіндік береді.
- Дәрігерлерге ДМ-ды дамытудағы кездесетін кедергілер.
- Электрондық қорды пайдалана білмеу
- Шет тілді білмеу.
-

- Осыдан 150 жыл бұрын дәлелді медицина пайда болғанда медицина тәжірибелері ғылыммен дұрыс байланыса алмады. Егер себебі анықталса, осы себеп арқылы ем жүргізілді. Осы әдіс АҚШ-та XX ғасырда кеңінен жүргізілді. Бұл әдіс инфекциямен күресуге, өлім санын азайтуға үлкен үлесін қосты. 1970 жылы тоқыраудың әсерінен денсаулық сақтау саласы артта қалды. Ал США-да американдықтар көптеген қаржы жұмсап жетістіктерге жетті. Қазіргі кезде дәлелді медицина США-да Айова штатында, Дейвид Кьютер және Висконсин –Медисон университеттерінде оқытылады.
-

# Дәлелді медицина –

бұл науқасты емдеу үшін жақсы клиникалық зерттеулерді дәл және нақты қолдану. Ғылыми ақпараттарды жинаудың:

- жаңа технологиясы
- критикалық талдауы
- интерпретациясы

ДМ алғашқы рет 1990жылы канадылық Мак- мастер университетінің ғалымдарының бір тобы клиникалық тәжірибесі бар ғылыми мәліметтерді және пациенттердің жеке қалауын жеке медицина бөліміне топтастыруды ұсынды.



- ҚР дәрігерлері дәлелді медицинаны пайдалануы:
- ҚР дәрігерлері дәлелді медицинаны пайдалана және қолдана отырып созылмалы дерті бар науқастар диспансеризациясының жаңа ережесі бойынша негізін дайындады. Осы диспансеризацияны қалағаннан кейін созылмалы дерттер азая бастады.
- 15.06.2009. жылы Алматыда Орталық Азия аймағында алғашқы рет дәлелді медицина орталығы ашылды. Бұл орталық тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Азия елдеріндегі алғашқы орталық. Яғни осы дәлелді медицина орталығы дәрігерлердің өзінің жұмыс орнында отырып интернет арқылы осы институтта білімін жетілдіруге мүмкіндік береді. Ол АҚШ-тың халықаралық даму агенттігінің көмегімен ашылды. Бұл орталықта дәрігерлер артериялық гипертензияны дәлелдейді. Болашақта орталықта өзге ауру түрлері бойынша да мамандар Алматыға келіп әуре болмай өздерінің аудан орталықтарында және ауылдарында білімін жетілдіруге мүмкіндік алады.

Денсаулық сақтау  
жүйесіне жұмсалатын  
қаржының тапшылығы


Іс- әрекеттің  
20% ғана  
дәлелденген

Ғылыми мәліметтер  
көлемнің көбеюі

ДМ қағидалары

Көмек шарасының  
қажетсіздігі  
дәлелденседе, жылдар  
бойы қолдануда

Тиімді шаралар міндетті  
түрде іске аспауда





Дәлелді медицинаның кезеңдері:

Зерттеуге қажетті мәселені құру,оның атауын анықтау

Мақсаттың сұрақтарына жауап іздеу

Деректі жауаптардың қаншалықты шындыққа жанасатынын дәлелдеу керек

Алынған мәліметтерге баға беру

Клиникалық тәжірбиеге енгізу



## ***Дәлелді медицинаның қолданудағы медицина саласындағы жетістіктері:***

- ДМ әртүрлі қолайсыз жағдай әсерінен әртүрлі дерттердің даму қаупі мен ақырын анықтауға көмектеседі
- Күнделікті тәжірбиеде дәлелді негізі бар шараларды кеңінен қолдануға көмектеседі
- Ең тиімді іс-әрекеттерді қолдануға бағыттап дәрігердің меншікті тәжірбиесін өзгеруіне көмектеседі
- Дәрігер көрсететін көмектің сапасы жоғарлауының негізін құрайды
- Дәрігердің өмір бойы, үздіксіз мамандығы бойынша оқып тұру қажеттілігін дамытады, кәсіпшілігін арттырады.
- Шығымның тиімділігін жоғарлатады
- Клиникалық сынақтардың толық, дұрыс жүргізілгенінің анықтау мен ондағы мәліметтерді қатаң бағалауға үйретеді

## ***Дәлелді медицинаның қағидаларын меңгерген жалпы практикалық дәрігердің дағдылары:***

- \* Медициналық мақала қандай тілде болса да түсінеді
- \* Жұмысты қатып қалған әдіспен, өзінің түсінумен және жеке, көп жағдайда толық емес тәжірбиесіне сүйеніп жасаудан арылады
- \* Өз дәрілерін ұсына беретін фармацевтикалық компаниялар мен тиімділігін тексеру мүмкіншілігі болмайтын жаңа ем тәсілдеріне сенген науқастар қысымынан құтқарады
- \* Сауаты төмен сарапшылар пікіріне тәуелді болмайды
- \* Жеке клиникалық жағдайларды шешуде әдебиет мағұлматтарын пайдаланып және оның нақтылығы мен өзектілігін бағалайды
- \* Әр қашанда өз жеке пікірі болады
- \* Құқықтың қорғанысы болады

Дәлелді медицинаның дәрігермен байланысты мүмкіншіліктерін анықтайтын негізгі бағыттары



# Дәлелді медицинаны жалпы практикалық маңызы:

- Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту және елдің әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыру мақсатында дәлелді медицинаның атқаратын қызметі;
- Әлеуметтік бағдарланған медициналық-санитариялық алғашқы көмекті басымдықты дамыту;
- Кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында медициналық және фармацевтикалық білімді жетілдіру;
- Инновациялық технологияларды әзірлеуге және енгізуге бағдарланған медицина ғылымын дамыту.
- Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру арқылы медициналық көмектің қолжетімділігін және сапасын, азаматтардың ынтымақтастық жауапкершілігін арттыру;

Қазіргі таңда медицина ғылымында дәлелді медицина көптеген мәселелердің шешілуіне жол тауып отыр. Соған байланысты дәрігерлер дәлелді медицинаның болашағы зор екенін айтуда. Көптеген мәліметтер осы сала арқылы үлкен жетістіктерге жетуде. Дм қағидаларын денсаулық сақтау жүйесіне енгізудің негізгі мақсаты: медициналық көмек сапасы қатерлігін төмендету, тиімділігін жоғарлату, құнын пайдалы ету және басқада маңызды қырларын бірыңғайлау.

Түптеп келгенде, Қазақстан Республикасының 2005-2010 жж. «Денсаулық сақтау жүйесінің дамуы мен қайта өңделуі» туралы Мемлекеттік бағдарламада «халықаралық стандарттарға, жаңа технологияларға, қазіргі уақыт талабына сай емдеу тәсілдері мен медициналық қызмет түрлеріне жүйелі көшудің маңыздылығы көрсетілген, медициналық шараларды дәлелді медицина қағидаларына негізделген диагностикалық пен емдеу хаттамаларын енгізу арқылы бір тұтас ету жоспарланған».



Дәрігерлер дәлелді медицинаны қолдап, солардың жасаған мәліметтері бойынша көптеген жұмыс жасауда. Соған байланысты Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Салауатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы атты жоба қабылданды. Ол жобада денсаулық сақтауды тұрақты дамыту бағдарламасын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету үшін дамуды стратегиялық жоспарлау және басқару, тиімді және дұрыс қаржыландыру, сапалы нормативтік база, алдыңғы қатарлы ғылыми-әдістемелік және қазіргі заманғы институционалдық даму базалары сияқты компоненттерді қарастырған.

Іске асу мерзімі:

2011 – 2015 жылдар

бірінші кезең: 2011 – 2012 жылдар

екінші кезең: 2013 – 2015 жылдар

# Мақсатты индикаторлар:

2013 жылға қарай:

Қазақстан Республикасының Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі қалыптастырылды.

2015 жылға қарай:

\*халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығын 70 жасқа дейін ұлғайту;

\*ана өлім-жітімі 1,5 есе төмендейді;

\*нәрестелер өлім-жітімі 1,5 есе төмендейді;

\*жалпы өлім-жітім 15 %-ға төмендейді;

\*туберкулезбен сырқаттанушылық 10 %-ға төмендейді;

\*дәрігерді және медициналық ұйымды еркін таңдау жүйесі енгізілді;

\*тұрғылықты жеріне қарамастан тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде медициналық қызметтерді алуда республика азаматтарына тең жағдайлар жасалды;



\*халықтың жеке бейресми төлемдерінің деңгейі төмендеді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің жұмыс істеп тұрған жүйесімен қатар қосалқы төлем тетігі енгізілді;

\*денсаулық сақтаудағы инвестициялардың тиімділігін бағалау әзірленді;

\*тиімді тарифтік саясат енгізілді;

\*медициналық-санитариялық алғашқы көмек шеңберінде медициналық қызметтердің 30 %-ын жалпы практика дәрігерлері ұсынады;

\*стационарлық көмекті негізінен көп бейінді стационарлар көрсетеді;

\*тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету үшін пайдаланылатын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға әсіресе \*ауылдық жерде қолжетімділік арттырылды;

\*мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары сатып алатын дәрілік заттарға бағаны мемлекеттік реттеу енгізілді;

- Зерттеудегі негізгі бағыттары:
- Азаматтардың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру.
- Профилактикалық іс-шараларды, скринингтік зерттеулерді күшейту, негізгі әлеуметтік-елеулі ауруларды диагностикалау, емдеу және оңалтуды жетілдіру.
- Санитариялық-эпидемиологиялық қызметті жетілдіру.
- Денсаулық сақтаудың бірыңғай ұлттық жүйесінде медициналық көмекті ұйымдастыру, басқару және қаржыландыруды жетілдіру.
- Медициналық, фармацевтикалық білімді жетілдіру; медицинада инновациялық технологияларды дамыту және енгізу.
- Халыққа дәрі-дәрмектің сапасы мен қол жетімдігін арттыру.

**Денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің тиімділігін дәлелді медицина арқылы арттыру:**

***Денсаулық сақтау саласында ақпараттандыруды дамыту:***

денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу және одан әрі жетілдіру;

ДБАЖ-да клиникалық алгоритмдер, хаттамалар және басқа да стандарттарды іске асыру;

шалғайдағы ауылдық елді мекендерге ДБАЖ инфрақұрылымын, коммуникациясын және бағдарламалық шешімдерін құру, аудан орталығынан алыстағы ауылдық медицина қызметкерлерін ДБАЖ ақпараттық ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету;

жедел жәрдем бригадаларын навигацияның GPS интеграциялаған жүйелері бар ұтқыр терминалдармен жарақтандыру, ұтқыр терминал құралдарымен ДБАЖ ақпараттық ресурстарына барғанда бригаданың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ықпалдастық шешімдерді әзірлеу;

халыққа ұсынылатын денсаулық сақтаудың электрондық қызметтерін у; республиканың денсаулық сақтау саласында бірыңғай білім беру кеңістігін құру үшін қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды, оның ішінде телемедицинаны пайдалану;

\*денсаулық сақтау кадрларын қашықтықтан оқытуды дамыту және кадр ресурстарын басқару үшін ДБАЖ-дың жұмыс істеп тұрған компоненттерімен оны ықпалдастыру;

медициналық білім беруге компьютерлік білім беру

\*бағдарламаларын, мультимедиялық бағдарламаларды, компьютерлік және ақпараттық технологияларды енгізу;

\*рентген, ультрадыбыстық суреттер және ядролық-магниттік резонанстардың суреттерін ең жаңа есептеу техникасының пайдаланып суреттің цифрлы анализі үшін зерттеу нәтижелерінің нақтылығын жоғарылату және материалды өңдеу үрдісін жеделдетуге бұл салада математикалық әдістерді қолдану үшін медициналық суреттер банкі құру;

\*қан компоненттерінің есебі мен қорларын басқарудың тиімді жүйесі ретінде қан банкі құру; донорлар банкі жүргізу және қадағалау үшін ДБАЖ компоненттері бар қан банкі ықпалдастыру (әлеуетті донордың денсаулық паспортын қарау);

## *Денсаулық сақтау ұйымдарында кадр саясатын жетілдіру:*

\*Саланың адами әлеуетін басқаруды жетілдіру мақсатында Денсаулық сақтау саласының кадр ресурстарын дамыту тұжырымдамасы әзірленеді, кейбір медициналық қызметтерді орындау үшін медициналық емес білімі бар қызметкерлерді жүйелі түрде тарту басталатын болады.

\*Кадрларды, әсіресе ауылдық жерлерде орналасқан денсаулық сақтау ұйымдарында бекіту үшін денсаулық сақтау мамандары даярлауға, оның ішінде жеке инвестициялар мен демеушілік қаражатты тарту жолымен келісімдер негізінде жергілікті атқарушы органдардың мақсатты тапсырыстарын қалыптастыру практикасы жалғасатын болады.

\*Жұмыс істеп жүрген мамандардың біліктілік деңгейі саланың өзекті проблемасы болып отыр. Медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі жетілдірілетін болады. Материалдық факторлармен қатар құрмет, өзін-өзі құрметтеу және мойындау басты рөл атқаратындықтан, қоғамдағы медицина қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесі мен беделін көтеруге ерекше көңіл бөлінетін болады.

## *Денсаулық сақтау ұйымдарының автономиялығын және дербестігін арттыру:*

- \* медициналық ұйымдарды акционерлік қоғамдар мен шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға кезең-кезеңмен ауыстыруды, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарына қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын кезең-кезеңмен енгізуді жалғастыру;
- \* мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына басқарушылық шешімдер қабылдауда барынша дербестік беру;  
денсаулық сақтау субъектілері арасында қызметтер мен құзыреттерді тиімді шектеу;
- \* денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарының арасында өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеу;
- \* науқасты қараудың барлық кезеңінде сабақтастықты қамтамасыз ету (медициналық қызмет көрсетудің кезеңділігі).

***Дәрі-дәрмектердің, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласында сапаны бақылау жүйесін жетілдіру үшін:***

\*дәрілік заттардың айналысы саласында нормативтік құқықтық актілерді үйлестіру, рұқсат беретін құжаттарды өзара мойындау, дәрі-дәрмектердің сапасын Кеден одағының аясында инспекциялаудың және бақылаудың ықпалдастырылған жүйесін құру;

\*дәрі-дәрмектердің сапасы мен мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру, оларды көздейді:

-«Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығы» РММ зертханаларын (оның ішінде өңірлік) қазіргі заманғы зертханалық технологиялармен материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру және қызметкерлерді оқыту;

-аккредиттеу туралы ережені және зертханаларды халықаралық стандарттарға сәйкестігіне аккредиттеу жүйесін әзірлеу;

-Еуропалық фармакопея дәрілік заттар сапасын бақылау (OMCL) бойынша ресми зертханалардың еуропалық желісіне ену үшін дайындық іс-шараларын жүргізу;

-фармацевтикалық инспекцияның (PIC/S) халықаралық ынтымақтастық жүйесіне ену үшін мемлекеттік және сараптау органының мамандарын оқыту.

## Қорытынды:

Соңғы онжылдықтың ішінде Қазақстанда жүргізіліп отырған денсаулық сақтау саласындағы саясат экономикалық және саяси трансформациялардың салдары болды, сонымен бірге денсаулық сақтаудағы реформаларға көзқарас бірнеше рет түбегейлі өзгерді. Қазіргі таңда Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі оның құрылымдарын перспективалық мақсаттардың айқын көрінісіне, барлық секторлармен ықпалдастыруға негізделген жаңа стратегияларды енгізе отырып, сондай-ақ дамудың қазіргі заманғы ғылыми, әлеуметтік және институционалдық технологияларды қолдану негізінде одан әрі жетілдіруді талап етеді. Сонымен қатар дәрігердің жалпы практикасында дәлелденген медицинаның алі де дамып, көптеген медициналық жаңалықтардың ашылуына көз жеткізді.Әрбір ашылым дәлелдер арқылы іске асады.Ал дәлелді медицина сол жайнда оқытып,мағұлматтар береді



Дәлелді медицинаның дамуы нәтижесінде көптеген медицина салаларына бірнеше өзгертулер енгізіледі. Дәлелді медицина орталықтарында мамандары жүргізген зерттеулер нәтижесінде бірнеше препараттар тиімділігі дәлелденіп келеді. Осыған қарап қазіргі заманда дәлелді медицина орталықтары мен мамандары ауадай қажет және оларсыз ғылымның алға дамуы қиындайды.

# Пайдалынған әдебиеттер:

- [www.google.ru](http://www.google.ru)
- [www.yandex.ru](http://www.yandex.ru)
- [www.PubMed.ru](http://www.PubMed.ru)
- «Егемен Қазақстан» газеті. Алматы.2010
- Власов В.В Эффективность диагностических исследований. Москва 1988
- Власов В.В Факторы риска стадии развития заболевания. Клин Мед 1991.

Тыңдағандарыңызға Рахмет!

